

SIROLIMUS ДӘРІЛІК ҚАБАТЫ БАР DYNAMX® КОРОНАРЛЫҚ БИОАДАПТЕР ЖҮЙЕСІ

ПАЦИЕНТ ВЕБ-САЙТЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Препарат туралы ақпарат

Дәрігер сізді DynamX биоадаптерімен емдеді. Оның құрамында Sirolimus препараты бар. Препарат әрекеттестіктері ықтималдығын бағалау үшін дәрігерге қабылдап жатқан дәрі-дәрмектерді айтыңыз. Грейпфрут жеу не шырынын ішу осы препаратқа ықпал етуі мүмкін. Дәрігерге Sirolimus препаратына қатысты мына ақпаратты көрсету қажет:

Бірдей байланыстырушы ақуыз (FKBP) арқылы әрекет ететін препараттар Sirolimus тиімділігіне ықпал етуі мүмкін. Күшті ингибиторлар CYP3A4 (мысалы, кетоконазол) Sirolimus әсерін арттыруы мүмкін. Бұны пациент ілеспелі жүйелі иммуносупрессивті терапияны қабылдап жатқан кезде ескеру қажет. Sirolimus препаратының метаболизміне грейпфрут кедергі келтіруі мүмкін.

MPT туралы ақпарат

DynamX биоадаптерін алғаннан кейін магниттік-резонанстық томографиядан (MPT) қауіпсіз өтуге болады. MPT сканерлеуінен өтпес бұрын дәрігерге мына ақпаратты көрсету қажет:

Статикалық магнит өрісінің номиналдық мән(дер)і	1,5 Т немесе 3 Т
Максималды кеңістіктік өріс градиенті	30 Тл/м (3000 гаусс/см)
РЖ қозу	Дөңгелек поляризациялы (CP)
РЖ тарату шарғысының түрі	РЖ денеге толық тарату шарғысы, басқа арналған РЖ тарату/қабылдау шарғысы
Бүкіл денеге арналған максималды SAR	2,0 Вт/кг (Қалыпты жұмыс режимі)
Сканерлеу ұзақтығы шектеулері	15 минут бойы үздіксіз РЖ үшін 2,0 Вт/кг бүкіл денеге арналған орташа SAR мәні (ретті немесе бірінің артынан бірі үзіліссіз сериялар/сканерлеу)
MPT кескіні артефактісі	Осы имплант болған кезде 6 мм кескін артефактісі пайда болуы мүмкін.

Егер белгілі бір параметр туралы ақпарат қосылмаса, осы параметрмен байланысты жағдайлар жоқ.

Биоадаптер материалдары

DynamX биоадаптері кобальт хром қорытпасынан жасалған. Қорытпа ең көп мөлшерінен ең аз мөлшеріне дейін реттеліп көрсетілген мына металдарды қамтиды: кобальт, хром, вольфрам, никель, темір, марганец. Кобальт хром қорытпасы көптеген сатылымда бар стенттер платформасы ретінде пайдаланылады. DynamX биоадаптеріндегі қорытпаның ең көп мөлшері шамамен 0,07 грамды (г) құрайды.

DynamX биоадаптері Sirolimus деп аталатын препаратпен қапталған. Sirolimus препараты қауіпсіздігі мен тиімділігі дәлелденіп, сіздікіндей импланттар мен терапиялар үшін кеңінен пайдаланылады. DynamX биоадаптеріндегі ең көп Sirolimus мөлшері шамамен 0,00032 грамды құрайды.

Сондай-ақ DynamX биоадаптері екі полиактид негізіндегі полимермен қапталған. Бір полимер Sirolimus препаратымен араластырылады және препараттың белгілі бір уақыт бойы бөлінуіне мүмкіндік береді. Екінші полимер биоадаптер бөліктерін бірге ұстайды. Имплантациядан кейін бірнеше ай ішінде полимер еріп, биоадаптердің тамыр ішіндегі иілгіштігін қамтамасыз етеді. DynamX биоадаптеріндегі жалпы полимердің ең көп мөлшері шамамен 0,0031 грамды құрайды.

Биоадаптердің қызмет ету мерзімі

DynamX биоадаптері — тұрақты имплант. Ол шығарылуға арналмаған. DynamX биоадаптері үшін ешбір техникалық қызмет көрсету қажет емес.

Басқа пайдалы ақпарат

DynamX биоадаптерін алғаннан кейін дәрігер кеңес еткен анти тромботикалық дәрі-дәрмекті қабылдаңыз. Дәрігер кеңес еткен кейінгі бақылау кестесін сақтаңыз.